

ИКАО аудитінің ескертулерін жою және Еуропалық Одақ елдеріне қазақстандық авиакомпаниялардың ұшуларына қойылған шектеулерді алып тастау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 14 тамыздағы № 150-ө
Өкімі

ИКАО аудитінің ескертулерін жою және Еуропалық Одақ елдеріне қазақстандық авиакомпаниялардың ұшуларына қойылған шектеулерді алып тастау мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

А х м е т о в Серік Нығметұлы	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, жетекші;
Ж ұ м а ғ а л и е в Асқар Қуанышұлы	-	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі, жетекшінің орынбасары;
Б е к т ұ р о в Азат Ғаббасұлы	-	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі, хатшы;
Ж ә м і ш е в Болат Бидахметұлы	-	Қазақстан Республикасының Қаржы министрі;
Б а й м о л д и н а Зәуреш Хамитқызы	-	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары;
В о л к о в Алексей Юрьевич	-	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер вице-министрі;
Н ұ р ы м б е т о в Біржан Бидайбекұлы	-	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі;
Е с к е н д і р о в Абай Мұқашұлы	-	Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице-министрі;
О р м а н б е т о в Нұрлан Сәкенұлы	-	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Штабтар бастықтары комитетінің төрағасы;
Б а й м е н о в Әлихан Мұхамедияұлы	-	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы (келісім бойынша).

2. Жұмыс тобы 2012 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде ИКАО аудитінің ескертулерін жою және Еуроодақ елдеріне қазақстандық авиакомпаниялардың ұшуларына қойылған шектеулерді алып тастау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары С.Н. Ахметовке жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов